# "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 10 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске

асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Тиісті мәліметтер алу бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесіне қосылу мерзімі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының жекелеген рәсімдерімен айқындалады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* *Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2020 жылғы 14 қаңтардағы
№ 10 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары**

## I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 21 тамыздағы № 136 шешімі.

## II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесс (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдерді және операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы

процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрамдастарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

## III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"құжат" – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжат;

"ұлттық ақпараттық ресурс" – электрондық құжаттарды, және (немесе) құжаттар туралы мәліметтерді қамтитын және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегментінде орналастырылған не Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесі шеңберіндегі ақпараттық ресурс;

"жалпы ақпараттық ресурс" – Еуразиялық экономикалық комиссияның Одаққа мүше мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылы негізінде қалыптастырылатын, электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттар туралы мәліметтерді қамтитын және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегментінде орналастырылған ақпараттық ресурс;

"ақпарат көздерінің жалпы тізбесі" – Еуразиялық экономикалық комиссияның ұлттық ақпараттық ресурстар және жалпы ақпараттық ресурстар туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурсы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдер тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерінде қолданылады.

## IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың деректқорын пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.DP.01, версия 1.0.0.

**1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Жалпы процесті іске асырудың мақсаттары мыналар:

а) Одаққа мүше мемлкеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекет) уәкілетті және мүдделі органдарының өзара іс-қимылы рәсімдерінің тиімділігін ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру арқылы жеңілдету және арттыру;

б) бір мүше мемлекеттің мүдделі органдарының сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ұлттық ақпараттық ресурстардан және (немесе) жалпы ақпараттық ресурстардан екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органдары ресімдейтін электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттар туралы мәліметтерді және (немесе) құжаттардан мәліметтерді, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжаттарды жалпы процестің технологиялық құжаттарында белгіленген мерзімдерде алуы болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) ақпарат көздерінің жалпы тізбесін қалыптастыруы және жүргізуі;

б) бір мүше мемлекеттің мүдделі органдарының сұрау салулары бойынша екінші мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттар туралы мәліметтерді және (немесе) құжаттардан мәліметтерді, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын және ұлттық және жалпы ақпараттық ресурстарда сақталатын құжаттарды ұсынуы;

в) электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттар туралы мәліметтерді және ( немесе) құжаттардан мәліметтерді беру үшін Комиссия бекітетін және электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген электрондық құжаттардың біріздендірілген құрылымдарын әзірлеуді және қолдануды Одақ деректері моделі негізінде қамтамасыз ету;

г) Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесіне енгізілетін, уәкілетті органдарды сыныптау және кодпен белгілеу үшін қажет болатын анықтамалықтар мен сыныптауыштарды, құжаттардың түрлері мен құжаттар туралы басқа да ақпаратты әзірлеу (қажет болғанда), енгізу және қолдану міндеттерін шешу қажет.

**2. Жалпы процеске қатысушылар**

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізімі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

## Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

| Кодтық белгіленім | Атауы | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.ACT.001 | Комиссия | жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимыл рәсімдерін регламенттеуге жауап беретін Комиссияның құрылымдық бөлімшесі; мүдделі органдар мен мүдделі тұлғаларға жалпы ақпараттық ресурстарда қамтылған құжаттар туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етеді; ақпарат көздерінің жалпы тізбесін қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз етеді |
| P.DP.01.ACT.001 | уәкілетті орган | мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ұлттық ақпараттық ресурсты қалыптастыруды және ( немесе) жүргізуді қамтамасыз ететін осы мемлекеттің мемлекеттік органы (ұйымы) |
| P.DP.01.ACT.002 | мүдделі орган | жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде электрондық құжаттар және (немесе) құжаттар туралы мәліметтер және (немесе) құжаттардан мәліметтер (бұдан әрі – құжаттар туралы мәліметтер) алынуы мүмкін орган ретінде Еуразиялық экономикалық одақ құқығына сәйкес айқындалған мүше мемлекеттің мемлекеттік органы (ұйымы) |

## 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің:

а) мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер ұсыну рәсімдері;

б) мүдделі органға ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

в) мүдделі органға жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері жиынтығын білдіреді.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүдделі органға жалпы және ұлттық ақпараттық ресурстардан құжаттар туралы мәліметтерді ұсыну жүзеге асырылады.

Мүдделі органға мәліметтерді ұсыну кезінде мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу;

ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу;

ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу.

Мүдделі органға ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде уәкілетті орган мүдделі органның сұрау салуы бойынша құжат туралы мәліметтерді ұсынады.

Мүдделі органға жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде Комиссия мүдделі органның сұрау салуы бойынша құжат туралы мәліметтерді ұсынады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.




1-сурет. Жалпы процес құрылымы

13. Операциялардың мұқият сипаттамасын қоса алғанда, жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language)

графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

**4. "Мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері" ( P.DP.01.PGR.001) рәсімдерінің тобы**

15. Мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүдделі органның ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салу алынған кезде орындалады.

Мүдделі органға көздердің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүдделі органның ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұрау салулардың мынадай түрлері:

а) ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу;

б) ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерге сұрау салу;

в) ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу өңделеді.

Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды мүдделі органның ақпараттық жүйесінде сақталатын ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ақпарат көздерінің жалпы тізбесінде қамтылған және Комиссияда сақталатын мәліметтермен синхрондау қажеттілігін бағалау мақсатында мүдделі орган орындайды. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.001) рәсімі орындалады.

Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерге сұрау салу мүдделі органның Комиссияда сақталатын ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген жалпы және ұлттық ақпараттық ресурстар туралы мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Көздердің жалпы тізбесінде қамтылған мәліметтер не толық көлемде (тарихи деректер ескеріле отырып), не белгілі бір күнгі жағдай бойынша сұратылады. Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен толық көлемде мәліметтерге сұрау салу мүдделі органның ақпараттық жүйесіне жалпы және ұлттық ақпараттық ресурстар туралы мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде, мысалы, жалпы процесс жаңа қатысушысының жалпы процеске қосылуы, ақаудан кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу" (P.DP.01.PRC.002) рәсімі орындалады.

Ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салуды орындау сәтіне дейін ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне қосылған мәліметтер ұсынылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.003) рәсімі орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 10 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 10 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, оның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсаттары үшін кедендік операцияларды жасаған кезде ұсынылатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуі тиіс.

16. "Мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.001) рәсімдер тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. "Мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.001) рәсімдер тобының жалпы схемасы

17. "Мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.001) рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

**"Мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP .01.PGR.001) рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодтық белгіленім | Атауы | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.DP.01.PRC.001 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу | рәсім мүдделі органның ақпараттық жүйесінде сақталатын ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген жалпы және ұлттық ақпараттық ресурстар туралы мәліметтерді ақпарат көздерінің жалпы тізбесінде қамтылған мәліметтермен синхрондау қажеттілігін мүдделі органның бағалауына арналған |
| P.DP.01.PRC.002 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу | рәсім ақпарат көздерінің жалпы тізбесінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған |
| P.DP.01.PRC.003 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу | рәсім мүдделі органның ақпараттық жүйесінде сақталатын ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген жалпы және ұлттық ақпараттық ресурстар туралы мәліметтерді ақпарат көздерінің жалпы тізбесінде қамтылған мәліметтермен синхрондауға арналған |

## 5. "Мүдделі органға ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.002) рәсімдерінің тобы

18. Мүдделі органға ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүдделі органда екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген, ұлттық ақпараттық ресурста сақталатын құжат туралы мәліметтер болмаған кезде орындалады.

Құжат туралы мәліметтерді алу қажеттілігі туындаған кезде мүдделі орган уәкілетті органға құжат туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу жібереді. Бұл ретте "Ұлттық

ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді алу" (P.DP.01.PRC.004) рәсімі орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 10 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

19. "Мүдделі органға ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.002) рәсімдер тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.




3-сурет. "Мүдделі органға ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.002) рәсімдер тобының жалпы схемасы

20. "Мүдделі органға ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.002) рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

**"Мүдделі органға ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері " (P.DP.01.PGR.002) рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодтық белгіленім | Атауы | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.DP.01.PRC.004 | ұлттық ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтер алу | рәсім мүдделі органның сұрау салуы бойынша құжат туралы мәліметтерді уәкілетті органның ұсынуына арналған |

**6. "Мүдделі органға жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.003) рәсімдерінің тобы**

21. Мүдделі органға жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүдделі органда екінші мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген, жалпы ақпараттық ресурста сақталатын құжат туралы мәліметтер болмаған кезде орындалады.

Құжат туралы мәліметтерді алу қажеттілігі туындаған кезде мүдделі орган уәкілетті органға құжат туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу жібереді. Бұл ретте "Жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді алу" (P.DP.01.PRC.005) рәсімі орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

22. "Мүдделі органға жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.003) рәсімдер тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте ұсынылған.




4-сурет. "Мүдделі органға жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.003) рәсімдер тобының жалпы схемасы

23. "Мүдделі органға жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.003) рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

**"Мүдделі органға жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері" (P.DP.01.PGR.003) рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодтық белгіленім | Атауы | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.DP.01.PRC.005 | жалпы ақпараттық ресурстан құжат туралы мәліметтер алу | рәсім мүдделі органның сұрау салуы бойынша құжат туралы мәліметтерді Комиссияның ұсынуына арналған |

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде өздері туралы мәліметтер немесе олардан берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

**Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде өздері туралы мәліметтер немесе олардан берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі**

| Кодтық белгіленім | Атауы | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.DP.01.BEN.001 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесі | ұлттық ақпараттық ресурстар мен жалпы ақпараттық ресурстар туралы ақпаратты қамтитын Комиссияның ақпараттық ресурсы |
| P.DP.01.BEN.002 | ұлттық ақпараттық ресурс | электрондық құжаттарды және ( немесе) құжаттар туралы мәліметтерді және (немесе) құжаттардан мәліметтерді қамтитын және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегментінде не мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесі шеңберінде орналастырылған ақпараттық ресурс |
| P.DP.01.BEN.003 | жалпы ақпараттық ресурс | мүше мемлекеттер мен Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылы негізінде қалыптастырылатын, электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттар туралы мәліметтерді және (немесе) құжаттардан алынған мәліметтерді қамтитын және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің интеграциялық сегментінде орналастырылған Комиссияның ақпараттық ресурсы |

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің ақпараттық өзара іс-қимылына қатысатын мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа, өзге де халықаралық шарттарға және Одақтың құқығын құрайтын актілерге, ал мүше мемлекеттердің

уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процесс анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

### Жалпы процесс анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

| Кодтық белгіленім | Атауы | Тип | Сипаттама |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| P.CLS.001 | әлем елдерінің сыныптауышы | сыныптауыш | елдер атауларының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады) |
| P.CLS.019 | құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышы | сыныптауыш | кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын кодтардың тізбесін және құжаттар түрлерінің атауын қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады № 8 қосымшасы) |
| P.CLS.024 | тілдер сыныптауышы | сыныптауыш | Еуразиялық экономикалық Комиссия Алқасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 шешімімен бекітілген ISO 639-1-ге сәйкес тілдердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды |

## VIII. Жалпы процесс рәсімдері

### 1. Мүдделі органға ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері

### "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01. PRC.001) рәсімі

27. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы 5-суретте көрсетілген.




5-сурет. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы

28. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.001) рәсімі мүдделі органның ақпараттық жүйесінде сақталатын мәліметтерді Комиссияда сақталатын ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен тиісті мәліметтермен синхрондау қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады.

29. Бірінші "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.DP.01.PRC.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесінде мүдделі орган ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

30. Комиссия ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды алған кезде "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну" (P.DP.01.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесінде ақпарат көздерінің жалпы тізбесінің соңғы жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпарат қалыптастырылады және мүдделі органға ұсынылады.

31. Мүдделі орган ақпарат көздерінің жалпы тізбесінің соңғы жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпаратты алған кезде "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні

мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.DP.01.OPR.003) операциясы орындалады.

32. Мүдделі органның ақпарат көздерінің жалпы тізбесінің соңғы жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпаратты алуы "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

33. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

**"Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01. PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодтық белгіленім | Атауы | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.DP.01.OPR.001 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу | осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген |
| P.DP.01.OPR.002 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну | осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген |
| P.DP.01.OPR.003 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген |

8-кесте

**"Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.DP.01.PRC.001) операциясының сипаттамасы**

| Р/с№ | Элементтің белгіленімі | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленім | P.DP.01.PRC.001 |
| 2 | Операцияның атауы | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу |
| 3 | Орындаушы | мүдделі орган |
| 4 | Орындау шарттары | мүдделі органның ақпараттық жүйесінде сақталатын ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді Комиссияда сақталатын ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен тиісті ақпаратпен синхрондау қажет болған кезде орындалады |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Шектеулер | мәліметтерге сұрау салу форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді |
| 7 | Нәтижелер | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға жіберілді |

9-кесте

## "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну" ( P.DP.01.OPR.002) операциясының сипаттамасы

| Р/с№ | Элементтің белгіленімі | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленім | P.DP.01.OPR.002 |
| 2 | Операцияның атауы | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындау шарттары | орындаушы ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды алған кезде орындалады (" Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" операциясы (P.DP.01.PRC.001)) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды қабылдауды және |

| | | |
|---|---|---|
| | | өңдеуді жүзеге асырады, сұрау салуға жауапты қалыптастырады және мүдделі органға ұсынады |
| 7 | Нәтижелер | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат мүдделі органға ұсынылды |

10-кесте

**"Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.DP.01.OPR.003) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементтің белгіленімі | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленім | P.DP.01.OPR.003 |
| 2 | Операцияның атауы | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | мүдделі орган |
| 4 | Орындау шарттары | орындаушы ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алған кезде орындалады ("Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну" (P.DP.01.PRC .002) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алады және оны өңдеуді жүзеге асырады |
| 7 | Нәтижелер | ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат өңделді |

**"Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу" (P.DP.01.PRC.002) рәсімі**

34. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу" (P.DP.01.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы 6-суретте ұсынылған.




6-сурет. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу" (P.DP.01.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы

35. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу" (P.DP.01.PRC.002) рәсімі мүдделі органның ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді алуы мақсатында орындалады.

36. Бірінші "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерге сұрау салу" (P.DP .01.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесінде мүдделі орган ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

37. Комиссия ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерге сұрау салуды алған кезде "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну" (P.DP.01.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесінде сұрау салынған мәліметтер қалыптастырылады және мүдделі органға ұсынылады немесе сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі.

38. Мүдделі орган ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді алған кезде " Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.DP.01.OPR .003) операциясы орындалады.

39. Мүдделі органның ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді немесе сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы

хабарлама алуы "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу" (P.DP.01.PRC .002) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

40. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу" (P.DP.01.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

**"Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алу" (P.DP.01.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодтық белгіленім | Атауы | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.DP.01.OPR.004 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерге сұрау салу | осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген |
| P.DP.01.OPR.005 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсыну | осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген |
| P.DP.01.OPR.006 | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген |

12-кесте

**"Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерге сұрау салу" (P.DP.01.OPR.004) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементтің белгіленімі | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленім | P.DP.01.OPR.004 |
| 2 | Операцияның атауы | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерге сұрау салу |
| 3 | Орындаушы | мүдделі орган |
| 4 | Орындау шарттары | мүдделі органның ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер алуы қажет болған кезде орындалады |
| 5 | Шектеулер | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға ұсынады. Ақпарат көздерінің |

| | | |
|---|---|---|
| | | жалпы тізбесінде қамтылған мәліметтерді толық көлемде ( тарихи деректер ескеріле отырып) алу қажеттілігі туындаған кезде сұрау салуда жаңарту күні көрсетілмейді |
| 7 | Нәтижелер | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер ұсынуға сұрау салу Комиссияға жіберілді |

13-кесте

## "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер ұсыну" (P.DP.01.OPR.005) операциясының сипаттамасы

| Р/с № | Элементтің белгіленімі | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленім | P.DP.01.OPR.005 |
| 2 | Операцияның атауы | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер ұсыну |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындау шарттары | орындаушы ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде орындалады ("Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді ұсынуға сұрау салу" (P.DP.01.PRC .004) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуды қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, сұрау салуда көрсетілген өлшемдерге сәйкес ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді қалыптастырады және мүдделі органға ұсынады. Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен толық ақпарат ұсынылған кезде тарихи деректерді қоса алғанда, осы жалпы тізбеде сақталатын барлық жазбаларды ұсыну жүзеге асырылады. Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінде сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын |

| | | |
|---|---|---|
| | | мәліметтер болмаған кезде мүдделі органға сұратылған мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі |
| 7 | Нәтижелер | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер немесе сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама мүдделі органға ұсынылды |

14-кесте

## "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.DP.01.OPR .006) операциясының сипаттамасы

| Р/с № | Элементтің белгіленімі | Сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленім | P.DP.01.OPR.006 |
| 2 | Операцияның атауы | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | мүдделі орган |
| 4 | Орындау шарттары | орындаушы ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді не сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер ұсыну" (P.DP.01.OPR .005) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді не сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады |
| 7 | Нәтижелер | ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтер не сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама өңделді |

**"Ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.DP.01. PRC.003) рәсімі**

41. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" ( P.DP.01.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы 7-суретте көрсетілген.




7-сурет. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы

42. "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" ( P.DP.01.PRC.003) рәсімі мүдделі органның ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салуды орындау сәтіне дейін ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне қосылған немесе өзгерістер енгізілген мәліметтерді алуы мақсатында орындалады.

Егер "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.DP.01.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесінде мүдделі органның ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен мәліметтерді соңғы алған күні мен уақыты ақпарат көздерінің жалпы тізбесінің соңғы өзгертілген күні мен уақытынан кем екендігі анықталса, рәсім орындалады.

43. Бірінші "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (P.DP.01.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесінде мүдделі

орган ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

44. Комиссия ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салуды алған кезде "Ақпарат көздерінің жалпы тізбесінен өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.DP.01.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесінде сұрау салуда көрсетілген күннен бастап ақпарат көздерінің жалпы тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер қалыптастырылады және мүдделі органға ұсынылады немесе сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі.

